

АБЫРАЛЫ КӨТЕРІЛІСІНІҢ АҚИҚАТЫ

Дала халқын аудандастыру науқаны 1926-1928 жылдары қауырт жүргені мәлім. Мысалы, Абыралы ауданы 1928 жылдың маусым айында шаңырақ көтерген. Әу баста оған 9 болыс ел кірген: Темірші, Абыралы, Ақбота, Бөрлі, Дегелең, Қу, Сартау, Арқалық және Едірей болыстары біріккен ауданда 13 мың шаңырақ, яки 51 мың жан иесі болған. Абыралының күнбатыстағы Көкшетау атырабын түгел қамтып, түстікте Шыңғыстаумен иықтасып, теріскейде Балқантау, Дегелең, Мыржық, Едірей, Дастар тауларын ортаға алып, Шаған өзенін жағалай Ертіске дейінгі орасан зор аймақ (Ертістің сол жағалауынан Қызылтаң ауданы құрылғанда Дегелеңге иық тірегін бірталай жері соған қаратылған).

Жаңа ауданның әкімшілік орталығына Қарқаралы округінен шыққан комиссия ә дегенде кіндік орта болғандықтан Дегелеңге ұрымтал Жалаулы бұйратындағы Ұйтасты таңдаған. Бірақ ел басшылары (аупарткомның бірінші секретары Қаражан Тойбеков, ауатком төрағасы Омарбай Исин – екеуі де қарқаралылық азаматтар) 1929 жылғы 3 қыркүйекте Жалаулы өңірінің аяқты малға өрісі аз, отынға жұтаң әрі ауыз суы тапшы деген желеумен аудан орталығын Жақсы Абыралы тауының оңтүстік бөктеріне көшірген. Оның айналасы – қалың тоғай, жайылымы мол, төрт таудың кіндік ортасы – Жақсы және Жаман Абыралы, Жалғызтау, төртіншісі – Мәремік. Теріскейден жел соқса – бір апта бойы жауған қалың қарды әп-сәтте айдап әкетеді. Жақсы Абыралының әр сайынан қайнар бұлақтар тасқындап аққандықтан аудан орталығы Қайнар аталған.

1930 жылдың басында бір шеті мен екінші шеті төрт жүз шақырымға созылған қалың елді басқару қиын болғандықтан (1938-1939 жылдары Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстары бөлінген кезде екеуінің ортасындағы шалқар жерге ие аймақ патша заманындағы ескі атауын қайыра иеленіп Семей облысы атанған), Қу, Сартау, Арқалық және Едірей болыстары өзара бірігіп, Қу ауданы ұйымдастырылған (Қарағанды облысынан Семей полигонына 1947 жылы берілген 39 пайыз жер осы ауданның иелігінен алынған).

Абыралы болысы 1871 жылы құрылған (Ол болса – бұрынғы Көшім-Байбөрі және Жағалбайлы-Байбөрі болыстары. Байбөрі де, Көшім де – қаракесек руының қарамды тобы. Ал жағалбайлы – Кіші жүзден осы атырапқа қоныс аударған кірме ру). Алғашқы болысы – Итқұсты Әйтiмбетұлы, оның бір немересі – қазақтың зиялы қауымына еңбегі мәлім тілгер-ғалым, академик Ахмеди (Ақбала) Ысқақов. Текті ата саналған Атақозының ұрпағы Тәңірберген бай өз туысы Ноқа қажы Бүркітбайұлымен осы болысты алма-кезек басқарып, 12 жыл ұдайы болыс болып (1898-1910 жж.), ел бірлігін сақтаған қайраткер азаматтар. Екеуі де қазақтың ескі заң жүйесін қайта қараған Қарамола съезіне қатысып, Абай Құнанбайұлымен тізе қоса қимылдап, өздерінің ой-пікірін Семей губернаторына мақұлдатқан адамдар. Тәңірберген болыс Дала халқын ерекше толқытқан 1916 жылғы

дүрбелеңде Николай II патшаға ел атынан хат жолдап, қазақтан әскерге солдат алмай, мал алуды ұсынған. Абыралы болысына 2130 шаңырақ түзген 13 ауыл қарапты, жан иесі – 8828 адам. Осы елдің төбе биі – Алдаберген Еділбайұлы (Ақын, философ Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы – осы жайсаңның Төлебике есімді үлкен қызының перзенті. Ахат Шәкәрімұлы бертінде жариялаған естелігінде әкесіне және өзіне ақындық дарын нағашы жұртынан ауысқанын ескерткен). Абыралы болысының дінғуар білімпазы Өндірбай қалпе Асаубайұлы (1815-1878) Меккеге үш мәрте барған. 1870 жылы Мәремік тауының бөктерінде өз қаржысына медресе ашқан ғұлама. 1874-1875 жылдардағы Меккеге екінші сапарында ол Құнанбай Өскенбайұлын қасиетті Қағбаға бастап барған... Қазақтың тұңғыш ядрошы физигі, академик Жабағы Сүлейменұлы Тәкібаев та – осы болыстың тумасы, қазақша сауатын Қаратұмсық ауылындағы бастауыш мектепте ашқан. ҚР тұңғыш Сыртқы істер министрі, дипломат Төлеутай Ысқақұлы Сүлейменов – осы өңірдегі «Алғабас» колхозына қарасты Қаратау қыстағының перзенті. Қазақ политехника институтында ректор болған, ғалым-металлург, профессор Ғабдысіләм Есіркегенов те – Абыралы болысының Кешубай ауылдарының түлегі. Әдебиетші-ғалым, академик Рымғали Нұрғалиевтің ата-бабасы осы өңірде туып-өсіп, өзі де осындағы Қайнар мектебінде алты жыл білім алған...

Ақбота болысы Абыралымен бір жылда шаңырақ көтерген. 10 ауылдағы 1253 шаңырақта 4531 жан иесі болыпты. Осы болыстың жері әскери зонаға түгелдей қараған. Сол себепті күні бүгінге дейін ел қоныстануға жарамсыз саналады. Бұл енді – осы күнгі Курчатов қаласы және Ертістің сол жағалауындағы Дегелеңге дейінгі байтақ жер. Осы болыста есімі Қазақстанға әйгілі мемлекет қайраткері Рымбек Илияшев туып, алғашқы білімді ауыл мектебінде алған. Бертінгі ұрпақтан қауымға белгілі тұлға, әсіресе әскери полигонға күресте белсенді еңбегімен танылған – Зарықбек Күзетаев...

Үшінші болыс – Бөрлі. 1200 шаңыраққа ие, адам саны – 5000 шамасы. Тұрғын халқы негізінен жалықпас, шаншардың бертис бұтағы және жарылғап руларының адамдары. Полигонға берілген жермен қойындасып жатқан өңір. Радиация күлімен көбірек зақымданған жердің байырғы тұрғындары жан-жаққа тарап, сол атырапқа халық мүлдем жоламайтын болды.

Осы елдің атақты адамдарының бірі – өз заманында Қарқаралы дуанының аға сұлтанына кандидат, ел басшысы атанған Шыныбай Танашұлы. Қазақ КСР Қаржы министрі болған Рымбек Байсейітов те – осы болыстың тумасы. Оның әкесі Сымақ XX ғасырдың басында Қарқаралы атырабының жауырыны жерге тимеген шоң палуаны атанған. Осы елден әріде Жарылғап, Жақсыгүн және оның ұрпағы Бигелді батырлар туған. Бергі ұрпақтан әуесқой тарихшы Болатбек Нәсеновті, академик, техника ғылымының докторы, ҚР-ның жоғары білім беру саласында қарымды ісімен, іскерлік дарынымен танылған, соңғы 10-15 жылда Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеттерінің ректоры, қайраткер азамат Ғалымқайыр Мұтановты

даралап атаймыз. Осы өңірдің мақтаныш етер тағы бір перзенті – ағарту ісінің үздігі Роза Дүйсебайқызы Есенжолова...

Төртінші болыс – Дегелең (алғашқы атауы Тарақты-Жалықпас болысы), оған 1887 шаңырақ қараған, жан иесі – 5800 адам. Қазақ атын ең алғаш әлемге танытып, дүлдүл әнімен француздар бен немістерді таңғалдырған Әміре Қашаубаев, жазушы Сапарғали Бегалин, тарих ғылымының докторы, академик Төлтай Балақаев – осы болыстың түлектері. Менің де төртінші тізеге дейінгі ата-бабаларым – осы болыстың тумалары. Өзім Қайнар кентінде 1936 жылғы қаңтар айында дүниеге келдім.

Абыралы ауданын құраған бесінші болыс – Темірші. Қамбар руының ұрпақтары «Ақтабан шұбырындыдан» бергі замандарда қоныс еткен Көкшетау, Татан, Қусақ және сол тауларға таяу Дағанделі елінің де басын біріктірген, жері жайсаң, ну орман, бұлақтары арындаған мол сулы, аңы мен малы аралас жайылатын, байлыққа тұнған жер. 1871 жылы осы болыста 1912 шаңырақ болып, 4800 жан иесі тұрған. Осы болыстағы халық саны ХІХ ғасырдың аяқ шенінде екі есеге жуық көбейген. Темірші болысын 1905-1911 жылдарда екі мәрте правительдікке сайланған Әбеу Ермекұлы (қазақтың тұңғыш математик-профессоры, Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері Әлімхан Ермековтің әкесі) басқарған. Ескі көздердің айтуынша, сол жылдары «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» дерлік тыныштық туып, Дағанделі мен Көкшетау елінің арасындағы жер мен билікке таласқан дау-дамай біржола тоқтаған. Осы өңірдің тумасы, еңбек ардагері Алтынбике Бектұрғанова апамыз 1990 жылы туған жерін аңсап, Жарма ауданының «Рауан» газетінде жариялаған естелігінде іңкәр сағынышпен: «Сай-сайы қарақат пен бүлдірген, таудан құлай аққан қайнар бұлақтар, үй іргесінен тау басына дейінгі хош иісті аршалар шаршағанға әл, жан дүниеге нәр беруші еді. Сол кезде біз дауасыз обыр дертінен пәленше қайтыс болыпты дегенді сирек естуші едік, амал қанша?!» – деген өксігі осы өңірдің сын-сипатын айқынырақ білдірсе керек.

Қысқасы, мамыражай тыныштық орнап, «бес бошан» немесе «бауыр бошан» атанған қаракесек тайпасының қарамды тобы, сол жұртқа тағдыр жазуымен шартараптан қосылған жағалбайлы, тарақты, шөптеміс, қырғыз сияқты кірме рулар да табиғаты қатаң болғанымен малға жайлы кең-байтақ жерді бауырмалдық ынтымақпен бөлісіп өмір сүрген. Күнкөріс малымен қоса жаны да көбейіп, атойлап кірген ХХ ғасырға аман-есен жеткеніне тәубе деген.

Содан беріде қаншама ұлан-ғайыр өзгерістер өрбіді. Үкімет те неше мәрте ауысты. Ақ кетіп, қызыл келді. Кедейді байға теңеу ұраны атойлап, әлділердің мыңғырған малы қазынаға түсіп, одан қалғанын кедей-кепшіктер иеленді. «Кіші Қазан төңкерісі» де Қазақ даласында атойлап жүріп, соның аяғында жаппай аудандастыру науқанына ілікті. Біріне-бірі құдандал, алыс-берісі үзілмеген, тұрықты таулардың баурайы мен қайнар бұлақтарды өзара бөліскен төрт болыс ел бір ауданға бірікті (Ақбота болысы сол қарсаңда Қызылтаң ауданына берілген).

Жақсы Абыралының Сұлушоқы биігінің етегін сол кезде үш-төрт ауыл болған Байтөре байдың ұрпақтары мекендеген (1943 жылы мен мектепке барған кезде қыстау иелерінің арғы бабалары жерленген төрт құлақты бейіт Қайнар кентінің орталық тұсында қалқиып тұратын-ды. Марқұмдардың сүйектері бертінде тау төріне ауыстырылды). Аудан орталығын көркейтіп, соцгородок кейпіне ұқсатып салуға әр ауылдан ағаш пен құрылыс шеберлері Қайнарға шақырылған. Кейбірінің есімдерін атаймыз: төрт ұлды Төленнің үлкендері – Жақсылық пен Сүйіндік, Байсапа балалары – Ахметжан мен Нысан, шебер балташылар – Құсайын, Тәберік, Елубай, Сыздықбай, Имаштың Мәдияны және басқалар...

Менің әкем Сапа оқуы өз қатарынан көш бойы озық тетелес інісі Төлеу Сәрсекеевтің ақылына ден қойып, Матай адырындағы (қазіргі Ақбұлақ кентінің күншығысы) Саршоқы деген жердегі ата қыстауын тастап, Абыралы бөктеріндегі бесінші бұлақтың жағасына 1930 жылы көшіп келген. Сол жердегі Қақабай деген орта шаруаның қыстауын 100 сомға сатып алып, тастан қаланған ескі қыстауды кеңейтіп, үш бөлмелі, асты-үсті тақтайланған жөндем мекенге айналдырған. Сол жердегі екінші қыстауды Әлібайдың Жақыбы иемденіпті. Ол кісі көп жыл бойы Абыралыда аудандық заң бақылаушысы болған. Екі үйдің аралығына қаржыгер Сәлмен Бегежанов қыстау үйді тыңнан тұрғызған (ғұмыры тек ұзақ болмады, соғыстан бұрынғы «Қызыл репрессия» науқанында «жапон тыңшысы» деген айыппен Семей түрмесінде жер жастанды).

Бұл кісілерді еске алып отырғаным – үшеуі де Абыралы ауданының іргесін бекемдеуге хал-қадірінше еңбек сіңірген азаматтар. Жас күнімнен жадыма сақталған бір жайт – ерекше тату болып, жиі араласқан үш үйде әртүрлі кітаптардың молдығы. Соғыстан кейінгі жылдарда мен сол қазыналарды түгел оқыдым. Солардың бірі – «Весь Казакстан», «Справочная книга» деген анықтамасы бар, орыс тілінде шығарылған, қалыңдығы кірпіштей кітап...

Төлеу ағатайым мен туғанда (1936 жылдың 2 қаңтары), өзіме сүйеу болсын деп, есімімді Медеу қойыпты. Сол күндегі қызметі – аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі. Кеңес-фин соғысына, одан кейін Ұлы Отан соғысына алғашқы күннен қатысып, 1943 жылғы 13 тамызда Орлов облысына қарасты Чебыкино ауданының жерін жау әскерінен азат ету ұрысында (ол болса тарихи «Курск шайқасының» қызған кезі), «Родина» колхозының орталық селосында оққа ұшқан. Мүрдесі сол селоның орталық алаңына жерленіпті. Ағатайымның моласына мен 1990 жылы барып, тәуеп етіп қайттым (Зәулім құлпытас орнатылған молада 47 адам қойындасып жатыр. Үшеуі ғана мұсылман перзенттері: взвод командирі, лейтенант Төлеу Сәрсекеев, қатардағы жауынгерлер – Ақмола облысының азаматы Тазабеков пен Самарқанның өзбегі Мұхамедов. Өзгелері – орыстар).

Төлеу ағам жастай білім қуып, Бесқарағайдағы ересек балалар пансионатында сауатын ашқан соң Ленинградтың қаржы техникумының бір жылдық курсы тәмамдап, Семей облысының Абыралы мен Жарма аудандарында, 1938-1939 жылдары Қызылорда облысының Қазалы

каласында қаржы бөлімін басқарған. Әскер қатарына Қазалыдан шақырылған. Абыралы ауданының шаңырағын көтеріскен Төлеу Сәрсекеұлының туған елінен жылыстап әуелі Жарма ауданына, одан соң Қазалы қалашығына қызметке ауысуы, әкемнің айтуынша, «Қызыл репрессия» науқанынан бас сауғалаудың амалы. Онысы ақталған. Тек тұтқиылдан басталған соғыс ағатайымды 31 жасында қыршынынан қиған. Артында Мәдениет есімді бүлдіршін қалған еді, сұлу жеңешем Балқия марқұм құртақандай інімді соғыс жылдарында онда-мұнда сүйреп жүріп сақтай алмаған...

«Весь Казакстан» кітабын шығарушы – Алматының «Казиздат» баспасы. Ішкі бетіне «Баспаның бастығы – Ғабит Мүсірепов, шығарушылар алқасы – Бейімбет Майлин, Абзал Жиенбаев, Жақан Сыздықов» деген анықтама берілген. Кітаптың мәтіні Алматыда әзірленіп, Ленинград баспасынан 1931 жылы жарық көрген. Көлемі – А-4 форматты 420 парақ. Қазақстан жерінің байлығы, халқы, жағрафиялық орны, тарихы, экономикасы туралы деректер жиналған жинақта жуықта ұйымдасқан 123 аудан түгел дерлік қамтылған. Негізгі мағлұматтар Қазақ АКСР-нің Жоспарлау комитеті 1930 жылғы 30 маусымда дайындаған мәліметі бойынша жазылғаны ескертілген.

Осы кітаптың түсініктеме бөлімінде 1913 жылы (есепші ғалымдардың болжауынша, Ресейдің экономикалық ахуалы орнықты және аса көтеріңкі деген уақыт) күллі Қазақстан атырабында ірі қараға шаққанда 29900 мың бас мал болған. «1929 жылдың көктемінде төрт түліктің саны 40 миллион басқа жетіп, Кеңес Одағындағы мал өсіретін ең алып республика атанып, КСРО-ның ет өндіру жоспарының 21,9 пайызын өтеді...» – дейді «Весь Казакстан» анықтамалығы (129-б.). Төрт түлік мал өсірумен сол кезде республика халқының 85 пайызы шұғылданған.

Енді осы деректерді ҚР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы 1992 жылғы 7 желтоқсандағы қаулысында көрсетілген, «Егемен Қазақстан» газеті жариялаған («Қолдан жасалған қасірет», 22 желтоқсан, 1992 жыл) мал санымен салғастырыңыз: 1928 жылы республикада 6509 мың ірі қара болса, 1932 жылы содан небәрі 965 мың бас қалыпты; ұсақ малдың сақталғаны, яғни 18566 мың қой-ешкінің төрт жылдан кейін 1386 мыңы ғана жайылымға шыққан. 3516 мың жылқының төрт жылда 3200 мыңы ұшты-күйлі жоғалған; халқымыздың ғасырлар бойы көшіп-қонған көлігі түйе мүлдем жойылған деуге болады – 1932 жылғы 1042 мың бас түйенің 1935 жылдың басында 63 мыңы ғана қалыпты... «Весь Казакстан» анықтамалығы қазақ иелігіндегі төрт түліктің 1930 жылғы маусым айындағы санын да келтірген: ірі қараға шаққанда сол жазда 29552285 бас мал өріске шыққан; соның 284874 басы – жылқы, 5036302 сиыр, 20024902 бас қой-ешкі және 1206207 түйе делінген...

1931 жылдың аяғында осы малдың 20,8 пайызы ортақ қорға түсіп, колхозға өткізілетіні жобаланған. 1932 жылы жекеменшік шаруашылықтар түгел жойылып, барлық мал колхоздарға берілетіні ескертілген. КСРО Жоспарлау комитеті дайындаған жоба бойынша, Қазақстан автономиясы Кеңес Одағына мал етінің 20 пайызын, жүннің 24 пайызын, ірі қара мал

терісінің 13,3 пайызын, ұсақ мал терісінің 18,7 пайызын және 7,2 пайыз сарымай беруге тиіс. 1932 жылдың төлемі одан да көтеріңкі болмақ...

Қазақстанда тұратын халықтың жалпы саны – 1930 жылдың маусымында 6842 мың адам, бір шаршы шақырым жерге 2,3 адамнан келген (КСРО бойынша 7 адам). Қазақстан АКСР-нің жер аумағы – 2854 мың шаршы шақырым. Жер қойнындағы байлығы да ауқымды: Кеңес Одағындағы мыстың 60,6, мырыштың 64,2, қорғасын қорының 78,5 пайызы қазақ жерінің қойнында жатқаны айтылған.

Осы кітаптағы тағы бір дерек мені ерекше таңғалдырды: республика тұрғындарының басым көпшілігі қазақтар делінген, яғни 3959900 адам; Сібір өлкесінде сол кезде біздің ұлттан 48700 адам тұрған; Өзбекстанда 107 мың адам (қазірде сол елдегі қазақтар 1,5 миллион деседі, солардың дені бертінде өзбек болып жазылуға мәжбүрленген деген де сорақы қауесетті естиміз); Астрахань облысында 45900 қазақ, Орынбор губерниясында 17500 қандасымыз тұратындығы көрсетілген. Қазақстанға қоныстанған орыстар – республика халқының 19,62 пайызы, украиндықтар – 13 пайыз. Біздегі өзбектер – 213500 адам (өзге халықтардың қарамы шамалы болғандықтан жіліктеп таратпаймыз). Демек, Кеңес Одағын мекендейтін қазақтың жалпы саны – 1930 жылдың ортасында 4179000 адам. Кітаптың 107-бетінде 1926 жылғы санақ дерегі де келтірілген. Сол кесте бойынша Қазақ АКСР-ында 6507077 жан иесі тұрған. Олар 1926 жылы 1233065 жеке шаруашылық құрап, 67752 қыстақты иеленген, 421 отбасы ғана өздерін отырықшы санаған. Төрт түлік мал өсірген қазақтар 783600 жеке шаруашылық құрған*.

* * *

1931-1932 жылдарда қазақты кенедей қырған трагедияның алғашқы күрмеуі, біздіңше, Қазақ Өлкелік Комитетінің 1926 жылғы III пленумында байланған: сол жиында Өлкелік Комитеттің жауапты хатшысы, жергілікті зиялылар «Қужак» атандырған И.Ф. Голощекиннің («Голый щеканың» – сөзбе-сөз аудармасы, мәні тек ерекше ауыр) «Кіші Қазан» төңкерісін ұйымдастырмақ болған ниетімен келіспеген Смағұл Сәдуақасов, Сұлтанбек Қожанов, Жалау Мыңбаев және соларды қостаушы қайраткерлер «ұлттық-уклонистік оппортунистер» атанып, амал не, Исай Филипповичті жақтаған жағымпаздар қарамы молырақ болып, нәтижесінде Қазақстанды билеушінің түпкі зардабы шатақ ұсынысы арнайы қаулымен бекіген; осы шараның мәнін ашып: «Көшпелі тұрмыс кешкен қазақ халқы төңкерістік өзгеріске әзірше дайын емес, ондай реформаға әзірлік жасап, бірнеше жылдан кейін жүргізу қажет...» – деген Нығмет Нұрмақов, Ыдырыс Мұстамбаев,

тағы қаншама ұлт қайраткерлері қуғын көрген. Сөйтуге де ілгешек табылған: «Кеңес билігін Компартия басшылығына қарсы қойған-мыс, олар да оппортунистер сияқты Қазақстанда социализмнің тезірек салтанат құруын қаламайды-мыс». Ал Голощекинді, яғни И. Сталиннің нұсқауын жақтаушылар –

Өлкелік Комитеттің секретарьлары мен үкімет басындағылар – Елтай Ерназаров, Ізмұқан Құрамысов, Ораз Исаев... Ең ғажабы, саяси қаралауға іліккен тоқсаннан астам қазақ азаматтары мәртебелі қызметтерінен аласталып, облыстарға аттандырылған. Бір тәуірі, жазалаушы жүйенің әзірше пәрмені тежеулі. Саяси бағытың үшін қылмыс байлауға аса машықтанбаған кезі.

**«Весь Казакстанда» келтірілген деректер ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы қаулысындағы сандардан бөлегірек. Үкімет қаулысына енген соңғы деректердің қайдан алынғандығы көрсетілмеген. 1992 жылғы қаулыны дайындаушылар «Весь Казакстан» анықтамалығын пайдаланбаған тәрізді. Осы кітап қазіргі демографтар мен статистерге мәлім емес деген жорамал айтамыз. Себебі біз қолымызға ұстап отырған ескі анықтамалық 1932 жылы тәркіленіп, сірә, аштық нәубетін бүркеу үшін әдейі жойылған. Мен пайдаланған кітап – семейлік зиялылар сақтаған жалғыз дана.*

Амал не, өлкелік үкіметтің «сауықтыру» шаралары кешіккен жоқ: 1927 жылғы қараша айында шақырылған VI партконференция ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеу туралы «төңкерістік» ұсынысты мақұлдады; келесі жылдың күзінде бір мың алматылық бәлшебек өкілдер жаңа науқанды жедел жүргізу үшін қазақ ауылдарына аттанып, оларға жергілікті биліктен 4700 қызметкер (бәрі де шолақ белсенділер деп ұғыңыз!) қолғабыс еткен. Сол күзде-ақ 696 адам ірі байлар тізіміне ілігіп, малы тәркіленіп, шеткергі аймақтарға жер аударылған. Олардан ірі қараға шаққанда 145 мың бас мал тәркіленген. Соның 125 мыңы жедеғабыл ұйымдасқан колхоздарға беріліп, одан қалғаны тақыр кедейлерге үлестірілген. Орта дәулетті шаруалар тізіміндегі 53900 қожалық иелерінен де сол науқанда ақшаға шаққанда 14171600 сомның малы тартып алынған. Төңкерістік шаралармен жиналған малдың қаншасы қасапханаға жөнелтіліп, Одақ пролетариатының өңешінен өтті? Бұл жайында нақты дерек жоқ. «Весь Казакстан» кітабының 77-бетінде Ақмола, Петропавл және Семей округтеріндегі байлар мен кулактардың қырмандағы астығының 31,5 пайызы тәркіленгені көрсетілген...

Осы науқанның соңында «Жаппай тәркілеу мен колхоздасуды жеделдету» шаралары жүрген. И. Голощекиннің аузынан шыққан әрбір әмірге құлдық ұрған ат төбеліндей жергілікті төңкерісшілдер өздері арман еткен социализмге тезірек жетудің төте жолы санап, жалшыларды өзара біріктіріп, ортақ шаруашылықтар құруға едел-жедел кіріскен. Егінге қолайлы жері жоқ аудандарға мындаған пұт астық дайындауды міндеттеп, салық түрлерін көбейту шаралары (ет, астық, мүйіз, ащы ішек, тері, қыл, сүйек, тұяқ өткізу) осы қарсаңда жүзеге асқан. 1931 жылдың ақпан айында шақырылған ҚазЦИК-тің VIII құрылтайы «80 мың шаруашылықты ортақтастыру жоспары өткен жылы орындалған жоқ, соны енді биыл жүз пайыз жеделдетіп жүзеге асыруға» қарар қабылдаған.

Қазақстан КП(б) Өлкелік Комитетінің 1931 жылғы ақпан айындағы пленумында И. Голощекиннің осы айғақтарға саяси мән бере сөйлеген сөзі

«Весь Казакстан» кітабының 80-бетінде жарияланған, ықшамдап келтіреміз: «Мал шаруашылығы саласында біз алға жылжыдық па? Әрине, жылжыдық... Өткен жылы мал шаруашылығымен шұғылданатын 74 совхоз құрып, оның иелігіне 1100000 бас мал бердік. Қазірдің өзінде шаруашылықтың осы саласымен айналысатын 2114 колхоз (!) ұйымдасып, олар 1300000 бас малға ие болды... Сөйтсе де бұл істе шынайы большевиктік белсенділікке жеткеміз жоқ. Жету қайда, мал басын шұғыл көбейтуге тиіс колхоздар астық өндіретін совхоздардан көш кейін қалып отыр. (...) Мысалы, бір ұйымға біріккен шаруашылықтар төрт түлікті көбейтуден Шормановтар сияқты ірі феодалдардың қолы жеткен деңгейдің шерігіне де маңайлай алмады. Сорақы айғақ! Қысқасы, бұл саламен біз шындап шұғылдануымыз керек! Бізде тегінде большевиктік белсенділік мүлдем жоқ!..»

1928-1929 жылдарда ОГПУ жандайшаптары қазақ ауылдарынан 34121 шаруаны соттатып, 152-сін саяси баппен ату жазасына үкім шығартқан. 1931 жылы сол науқан қайыра өрістейді. Орта шаруалар тізіміне енген 6765 адам туып-өскен жерінен ішкі Ресейге жер аударылып, ұжымдық науқанға қарсы шықты деген саяси айыппен 33345 қыр қазағы жауапқа тартылып, 5550 сормандай Кеңес үкіметіне қарулы қарсылық көрсеткені үшін түрлі мерзімге кесіліп, 883 жанкешті үштік үкімімен дереу атылған... Бұл енді – «Қайтсең де кимылда! Өл-тіріл, орында!» деген нұсқау.

Республиканың 25 мың жеке шаруашылығы 1928 жылы колхозға біріккен-ді. Бұл болса – барлық қожалықтардың небәрі 2 пайызы. 1930 жылдың 1 тамызына дейін 376845 жеке шаруа өзара ортақтасса (29 %), 1931 жылдың 20 маусымында 712105 шаруашылық (барлық шаруалардың 60,6 пайызы) колхозға мүшелікке тартылған. Ортақ шаруашылыққа ұйымдасу ісі сөйтіп 89,6%-ы орындалған. Қазақстан КП(б) Өлкелік Комитеті сол қарсаңда Мәскеуге жеке меншік малды ортақтастыру тапсырмасын үш жылдың орнына бір жарым жылда орындағаны туралы рапорт жолдаған.

Сол ақпардың қыр елін қандай тақсыретке душар еткені осы жылдың қысы мен келесі көктемінде мәлім болмақ...

«Весь Казакстан» анықтамалығының 234-бетінде Абыралы ауданына мынадай сипаттама берілген: *«Бұған дейін Қарқаралы округіне қараған Абыралы ауданының жер бедері бірыңғай дала емес, жатаған жоталар мен аласа таулар тізбегімен қоршалған. Басты таулары – Дегелең, Абыралы, Көкшетау, Мәремік, Жамантас (жаңсақ атау, сірә, Жалғызтау, әлде Жаман Абыралы – М.С.), Бөрлі... Ауданның ауа райы – құрғақ әрі ерекше қатаң, қысы – суық, жазы – ыстық. Жылдық орта температура – минус 3,5 градус. Жыл бойы түсетін ылғал – 250-300 мм. Оның дені көктем мен күзде түседі, жазда жауын сирек жауады. Күннің ең қызу кезі – маусым айы, қақпаған суығы – қаңтар. Аудан жерінің топырағы қоңырқай реңді, кейбір тұсында құмдауыт шағылдарға немесе тастақты жыныстарға ауысады. Аудан алқабын суы мардымсыз, жаз ортасында тартылып қалатын бірнеше шағын өзендер кесіп өтеді. Жер түгі көдесі бұрқыраған қыпшақ даласын қайталайды, оңтүстік бөлегінде жусаны басым өлкелер бар. Абыралы ауданы 1537 мың гектар немесе 15550 шаршы км жерге ие. Соның 815 мың*

гектары жайылымға қолайлы. 31 мыңы жер егіндікке жарамды, 15 мың гектар шабындықтан қысқа азық жинауға болады...»

Жоспарлау комитетінің 1930 жылғы 30 маусымдағы дерегі бойынша, Абыралы ауданында 29812 адам болған, бәрі де қазақтар. Олар 6131 шаруашылық құраған. Ауданның әрбір шаршы шақырымына 1,9 адамнан келеді...

Өткен тарауда біз аудан жерінің үштен бірі әскерилерге берілді дегенбіз, полигон еншілеген аймақта ел іргесі сөгілмеген кезде Абыралының іріленген 6 колхозы ұйымдасып, яғни бірнеше мың адам тіршілік еткен. Долбар есеппен шамалағанда, әскерилер 1947 жылы Май, Қу, Новопокров (бұрынғы Қызылтаң, соңынан Жаңасемей атанған) және Абыралы аудандарынан иеленген өңірде 1930 жылы кем дегенде 35-40 мың қазақтар тұрып, мал сүмесімен жан сақтап, бала-шаға өсірген. Осыдан-ақ «пайдаланусыз бос жатқан елсіз аймақ» туралы әскерилердің бертінгі анықтамасы сандырақ сөзге айналады...

Жә, сонда әскери полигон үшін елсіз жер іздеген географ мамандардың көзіне осыншама халық неге ілінбеген? Солардың орнына әр жерде мұржасы шошайған, бірінен-бірі бес-он шақырымда орналасқан жөнең қыстақтарды кездестіруі неліктен? Күні кеше осы өңірде мың-мыңдап төрт түлік мал айдаған, жазда жайлауға шығып, қар түсе қыстауына қайтқан қарамы мол жұрт қайда безіп кеткен? Бұл да, зер сала ойласаңыз, жоғарыда қарамы нобайлап аталған халықтың зым-зия жоғалып, ежелгі мекендерінің жұрттары ғана қалғаны – 1931-1932 жылдардағы зобалаң уақыттың көзге түрткен сорақы салдары...

Сол науаттың себеп-салдары әлденеше. Біз соның бес түрін оқшаулап даралаймыз...

Алғашқысы – қазақ даласында төтенше науқан ретінде қауырт жүрген ірі байларды тәркілеп, туып-өскен жерінен алыс аймақтарға көшіру.

Екінші науат – өлкелік үкіметтің «Көгенде қозы, желіде құлын қалмасын!» деген қатаң нұсқауымен қыр елінде үрдіс жүрген ұжымға ортақтасу науқанынан өрбіген.

Үшіншісі – 1931-1932 жылдары қыр елі ұшыраған жойқын аштық.

Төртінші қасірет – НКВД жүйесі 1931 және 1937-1938 жылдарда Қазақстан атырабынан жүз-жүздеп «тауып», социалистік қоғамға қарсы «жау элементтерін» көптеп әшкерелеуден туған науат.

Бесінші тауқымет – күллі кеңес халқы жаппай тартып, ойсыраған орны ешқашанда толмайтын, өкініші өзекті өртеген, бір ошақтың жалғызын, ағайынды екеудің сыңарын, кейде әкелі-балалы азаматтарын қосаметкей жалмаған екінші дүниежүзілік соғыстың зардабы...

Төменде мен осы бес науқанның Абыралы тұрғындарын орны толмас қайғы-қасіретке душар етіп, мал-жанын жалмауын нақты айғақтармен, куәліктер мен естеліктер арқылы тарқатамын.

Ескертер гәп: сол науатты бір ғана Абыралы халқы емес, онымен көршілес отырған қыр елі, күллі қазақ даласы тартқаны – кешегі шерлі заманның ащы шындығы. Оны да ішінара сөз етемін...

* * *

Бірінші науқан 1928 жылдың күзінде жүрген. Түп мақсаты – дала халқын жаппай «кеңестендіріп», «әр адам еңбегіне қарай ішіп-жейтін, шектеусіз құрметке бөленетін» социализм қоғамына тезірек көшу. Өйткені қазақ даласындағы дәулет иелері – тумысынан үстем тап өкілдері, социализмнің салтанат құруына қаскөйлер. Қазақстан атырабында осы үрдіспен қызу жүрген науқанда Абыралы ауданынан 7 адам ірі бай ретінде тәркіленген. Болатбек Нәсеновтің «Абыралы қанды жылдарда, 1905-1945 жж.» кітабының 3-томында келтірген, 1928 жылы тәркіге ілінген Абыралы байлары – Тәңірберген Атағозин (78 жастағы, көз нұры сөнген, екі әйелі, балиғат жаста екі баласы бар, өз бетімен дәретке шыға алмайтын ақсақ шал), Мұталип Байболов, Оспан Бөлекенов, Баймұхан Есенбаев, Бар Қылышов, Әбділдә Оспанов және Ахмеди Ысқақов (осы азаматтың тәркіге ілінуіне күмәндіміз, өйткені сол жылы 18 жасар білімпаз ауыл мектебінде ұстаздық еткен, бай атанған – өзі емес, туыстары). Жеті адамның дәулеттісі – Тәңірберген бай, одан 3 мың жылқы тәркіленген. Түйелері, сиырлары мен қой-ешкісі мәз емес. Бөліс кезінде солар байдың шаруасын жайлаған жалшыларына таратылған. Сол тәркіні көргендердің айтуынша, күншілік жердегі Киікқашқанға айдалған Тәңірбергеннің жүген-құрық көрмеген асау жылқылары айдалаға қашып, кейбірі ескі жұртына қайтып келіп, ашкөз жұрттың тұс-тұстан жырымдаған барымтасына ұшырап, бірер аптада зым-зия жоқ болған. Сол науқанда ірі бай ретінде тәркіленген 6-7 адамның дәулеті, мұрағат деректеріне қарағанда, төрт түлікті мындап айдаған ірі шонжарлар емес, жүз шамалы жылқы, бес-он түйе, ұсақ малы да бірнеше жүзден аспайтын орта шаруа деңгейіндегі адамдар. Мысалы, алтауынан 1500 бас сиыр тәркіленген. Аудан басшылары, сірә, Қазақстан көлемінде дабырамен жүрген науқаннан тысқары қалмас үшін сол байғұстарды байға жатқызып, иелігіндегі малын тартып алып, атақонысынан шалғайға (Сарыарқаның теріскейіндегі Қостанай аймағына) жер аударған.

Нұрғали ФАЙЗОЛЛАҰЛЫ, Компартия ардагері (хаттаушы – Сейітжан Тәберіков):

«...1928 жылдың қара күзінде байлардан тәркіленген ірі қара малды бір жерге жинап, кеңестік шаруашылық құрып, оны басқару маған жүктелді. Қыс қыр астында тұрған уақыт. Малға қора-жай, қыстық жем-шөп дайындалмаған. Бір күні жоғары жақтан: «Жиылған малды дереу Баянауылға айдаңдар...» – деген нұсқау түсті. 1500 бас ірі қараны алты табынға бөліп, алдыға салып, жолға шықтық. Қу ауданының «Жаңа жол» колхозында жазда шөп дайындалмапты, дайындадық деп өтірік мәлімет берген. Бұл жерде аялдауға болмағандықтан Семейге, губерниялық өкіметке: «Приближается зима, негде размещать скот. Немедленно гоняю скот в Кереку. Дайте ответ», – деп тілграм жолдадым. Рұқсат кешіккен жоқ. Қазан айының аяғына дейін Баянауылға жеткізбек болып, малды күні-түні айдап, әбден сабылдық. Сайын дала, қу медиен елсізде келе жатып, боранға

тап болдық. Қарашаның бас кезі, қарлы боран күні-түні ұлуда. Жан дәрмен пошта іздеп, Семейге екінші тілграм жолдадым: «Гнать скот некуда. Выпал глубокий снег. Срочно жду ответа». Оған да іле-шала жауап алдым: «Устроить Аккала. Содержать скот там до особого распоряжения», – депті. Күлесің бе, жылайсың ба? Жеті тәулік толассыз соққан бораннан әбден титықтап, бір тал шөп таппай, ашыққан бір жарым мың сиырдан бір бас қалмай, жалпасынан түсіп қырылды да қалды. Алты атшым мен өзім жаяу-жалпы шұбап, жүгенімізді сүйретіп, Қайнарға оралдық. Кәмпескеленген сорлылардың көз-жасына қарамай тартып алған қайран малдың біреуі де тірі пендеге бұйырмай, жүдей бастаған елдің аш өзегіне жетпей, иесіз далада қырылып, ит-құсқа жем болды...»

«Аудан халқы ежелден көшпелі тұрмыс кешкен, – делінген «Весь Казакстан» анықтамалығының Абыралы ауданына арнаған 234-235-беттерінде. – Олардың көшіп-қонатын жері қыстауынан 100-150 шақырымда. 1930 жылдың жазында небәрі 168 шаңырақ отырықшы тұрмысқа ауысқан, келесі жылы осы тірлікке тағы да 500 түтінді ауыстыру жоспарланған». Аудан аймағында санақ жүрген жылы 15 ауылкеңес құрылып, олар 1138 елді мекенді қамтыпты. Жергілікті халық сол жылы 2071 гектар жерге егін еккен. Оның 1982 гектары жекеменшік иелеріне тиесілі. Күш-көлігін біріктіріп, ұжымдық шаруашылық құрғандар небәрі 89 гектар жерге тұқым сепкен. Абыралы атырабында сол қарсаңда 265279 бас төрт түлік мал болған. Соның 11406 басы ұжымдық шаруашылықтарға тиесілі, яғни 264 шаруашылықтан құралған. Колхозға ұйымдасу 1930 жылдың жазына дейін небәрі 4,3 пайызға жетіпті. Күзде науқан ерекше қауырт жүрген...

1930 жылы осы аудандағы 6131 шаңырақ жекеменшік иелерінде – 253873 бас мал болған, яғни 42281 жылқы, 26966 сиыр, 192917 қой-ешкі, 3115 түйе ұстаған. Орта есеппен шамалағанда, әрбір шаңырақта ірілі-ұсақты 42 бас мал өріске шыққан. Демек, қыр елінің сол күздегі тұрмыс күйтін сіңірі шыққан кедей деуге болмайды. Қайнар елді мекенінде майда-шүйде кәсіппен небәрі 101 адам шұғылданып, етік тіккен, ұста дүкенін ұстаған, тері илеп, тағы сондай кәсіптермен айналысқан. Небәрі 16 кооператив жұмыс істепті.

Сүйсінерлік дерек: бастауыш мектептерге 1200 оқушы қамтылып, ауданның 2700 ересек тұрғыны «Саужой» курстарына жазылған. «Еңбекші қазақ» газетінің 1931 жылғы 3 тамыз күнгі санында жарияланған «Жоспар 178,8 процент орындалды» деген хабарда есімі беймәлім абыралылық тілші: «...июль айының басына шейін Абыралы ауданында 4828 ересек оқуға қамтылды, бұлардың 1927-сі – ер адамдар... 1931 жылдың жоспары бойынша, барлығы 5400 ересек адам сауатын ашпақ. Жұмыстың қазіргі қарқынына қарағанда, бұл жоспар артығымен орындалатынына күмән жоқ. Аудан көлемінде кең ауқыммен жүргізілген ізгі іске 140 оқытушы жегіліп отыр...» – депті.

Семей қаласынан Қайнар кенті 260 шақырым қашықта, үлкен округтің орталығы атанған Қарқаралыдан 170 шақырым жерде. Семей – Қарқаралы пошта жолының бойында шаңырақ көтерген Абыралы ауданы қыр төсінде тыңнан ұйымдасқан барлық әкімшілік ұжымдар сияқты, Кеңес үкіметі үсте-

мелеп ұсынған қауымдық науқандардан тысқары қалмай, жаңа тұрмысқа бейімделіп, «жұрттан озбаған, көштен қалмаған» қалпында көнтерімді тіршілігін жалғастырған. Алайда?..

1931 жылдың көктемінде жағдай күрт өзгереді. Төңкеріс көсемдерінің бірі Яков Свердловтың Сібірге айдалған сапарында сенімді серігі болған, бұрынғы тіс дәрігері, шала сауатты, оның есесіне саяси қырағылығы күшті әрі өктем қылыққа үйір, мейірім атаулыдан түйсігі шамалы, тумысы бойынша Шая Ицком, ең шатағы, қызтекелік құмарға әуей (демек, ақыл-есінде одағай қылықтар басым, бұл турасында Ішкі істер халкомы болған Н. Ежовтың өз қолымен жазған өмірбаяндық деректерінде, 1925 жылы Қызылорда қаласында екі ай Исая Голощекинмен бір пәтерде тұрғанда соқтауылдай екі бойдақ біріне-бірі артылып, жыныстық құмарларын тарқатқаны нақты жазылған) Голощекин басқарған Қазақстан КП(б) Өлкелік Комитеті дала халқын ұжымдық шаруашылыққа жеделдетіп ұйымдастыру жоспарын жариялады. Қазақстан сияқты алып республиканы тумысынан осындай дәндүріс, ақыл-есінде ақауы мол адам басқарған соң қандай опа күтуге болады? Бастапқы жоба бойынша, бұл шара үш жылда және әрбір қожалықтың еркімен жүруге тиіс еді. Өлке басшыларының әмірімен сол науқан іле-шала қауырт үрдіске ауып, ғасырлар бойы көшпелі тіршілікпен өмір сүрген қыр халқы бас-аяғы бір жылда отырықшы ел атанбақ болып, мал-жанын ортақ ұжымға біріктіріп колхоздасу арқылы социализмнің алғашқы сатысына жедел еруге мәжбүрленген. Жүздеген үй қала тәртібіне көшіп, бір жерге жиналып өмір сүруге тиіс. Абыралы ауданында сол науқан жергілікті белсенділердің ынтасымен ерекше екпінді жүріп, 220 пайыз орындалған. Нәтижесінде осы аудандағы 6131 жеке қожалық түгел жойылып, 24 колхоз ұйымдасқан. Мысалы, бұрынғы Темірші болысынан бөлінген 1700 түтін өзара бірігіп, «Қусақ», «Татан», «Оян, кедей», «Ұшқын» колхоздарын құрған (солардың кейбірі алғашқыда «Көкшетау», «Коммуна», «Еңбек» және «Желтең» деп те аталған). Жеке шаруалар иелігіндегі төрт түлік мал да соларға берілген. Соның қаншасы Семей мен Аягөздегі қасапханаға мың-мыңдап жөнелтіліп, үстемелеп түскен астық, сүйек, мүйіз, тері, жүн-жұрқа салығы «айдаболшыл» агенттерге тапсырылды? Қаншасы «бөгде біреу емес, өзім жейін» деген іштарлықпен пышаққа ілінді? Оны енді таразыға тартқандай етіп нақты айту – бүгінде қиын іс...

Бізге мәлім күйкі шындық мынадай: Абыралының жеке шаруашылыққа ие тұрғындарын ұжымшарға тартып, күнкөріс малын ортаға біріктіру 1931 жылдың алғашқы айларында-ақ жедеғабыл жүзеге асқан; осы ауданға түскен ет тапсыру жоспары – 3379 тонна; оны орындасаң – күллі ауданда тігерге тұяқ қалар-қалмасы екіталай; оған қоса ақпан айында «Союзмясо» бірлестігінің бастығы Надьярныхтың қолы қойылған, ет тапсыру жоспары 8745 тоннаға өсірілгені туралы жеделхат түседі. Бұл енді – дала халқын асырап отырған төрт түлігін түп-түгел сыпырып алып, аштыққа мәжбүрлеу. Амал не, аудан басшылары сол жайтты түсінсе де жоғарыдан түскен зорлыққа қарсы тұра алмаған, үстеме жоспарды орындауға жедеғабыл кіріскен...

ҚР Президенті мұрағатының директоры Владимир Шепель «Алапат ашаршылық» мақаласында («Егемен Қазақстан», 6 сәуір, 2012 ж.) 1931 жылы шілдеде БКП(б) Қазақ Өлкелік Комитетінің мүшелері М.И. Кахиани, І.М. Құрамысов, О.Д. Исаевтың И. Сталинге астық дайындау жоспарын орындауға мүмкіндік жоқтығын мәлімдеп, хат жолдағанын сөз еткен. Өз дегенінен қайтпайтын бірбеткей билеуші сол хатқа «Жолды болған олқылықтың орнын дереу толтырыңдар, дау-дамай – астық емес!..» деген бұрыштама жазыпты. Демек, қазақты күнкөрістен айыру бұрынғыдан да күшейген.

* * *

Жан ашуы мен мал ашуына жік қоймайтын дала қазағы кірме билеушілер ұйымдастырған зорлыққа қалай көнеді? Әрине, көнбеген. Әр жерде наразылық туып, ақырында ашық көтеріліске ұласқан. Әуелі Семейге ұрымтал «Тайлан», «Еңбектес» және «Қоныстан» колхоздарында басталып, іле-шала Дегелеңнің түстік бөктеріне ауып, Абыралы атырабындағы ауылдарды түгел қамтиды. Ат жалын тартып мінгендер ең алдымен малын қаттаған құжаттарды өртейді. Мысалы, 10-ауылдың мүшелері (Таңат ауылкеңесі) наразылықты кеңседен бастап, соңынан астық қоймасын ашып, тұқымдық астықты үйлеріне тасып алған. Тайлан ауылкеңесіне қарасты жұрт колхоз орталығындағы кооперация дүкенін тонап, артель малын қыстауларына айдап әкеткен. Сондай тонауға 12 және 14-ауылкеңес кеңселері де ұшырайды. Ұзынбұлақ ауылының адамдары өз ортасынан құрылған «Сәуле» колхозын тонап, мініске жарамды аттарын иемденеді. Тайжабағыларды бірден-ақ қызыл өңештен өткізген. Аудан орталығынан келіссөзге келген өкілге қол тигізбей кері қайтарып, ауыл белсенділерін ғана тұтқындап, соңынан босатқан. Ақырында Жалаулы, Бөрілі, Таңат, Дегелең, Мыржық бөктеріндегі наразылық келіссөзбен аяқталған.

Дегелең атырабындағы қалың елді атқа мінуге үгіттеушілердің бірі – осы өңірді қоныс еткен жалықпас руының тумасы Төребайдың Қасені есімді азамат.

Болатбек Нәсеновтің кітабында келтірілген деректерге қарағанда, ол тумысынан пысық, патша заманында Омбыдағы әскери училищені тәмамдаған соң Қытаймен шекарадағы әскер бөлімшесінде кіші офицер болған. 1916 жылы Батыс шекарадағы орыс әскерінің қатарында Алмания немістерімен соғысқа қатысқан. Майдан даласында ерлік көрсетіп, штабс-капитан дәрежесіне ие болған. Одан соң Колчак әскеріне қосылып, бірақ онда көп жүрмей, қызылдар жағына шыққан. 1923-1924 жылдары Семейге оралып, Кеңес үкіметі жариялаған НЭП саясатына елігіп коммерциямен шұғылданған.

Семейде тұратын Қасен Төребайұлының Дегелеңдегі дүрбелеңге қалайша тап болғаны түсініксіз, қалайда ол «Тайлан», «Еңбектес», «Қоныстан» колхоздарындағы қандас ағайындарын атқа мінуге үгіттеп, ереуіл комитетін басқарған. Сол күндері ол 500 адаммен аудан орталығына

шабуыл жасап, Қайнардағы қоймалар мен дүкендерді тонап, қару алып, Аягөз арқылы Қытайға өту жоспарын ұсынған деген қауесет күллі Дегелең атырабына тараған. Алайда ереуіл жасаушылардың дені бұл ойды құптамаған, алғашқы ұрыста-ақ текке қырыламыз әрі туып-өскен жерден ешқайда кетпейміз десіп, өз ауылдарына түн жамыла қаша бастаған. Қасен де белсенді қимылдан бас тартып, Семейге қайтқан-мыс (Дүмпу басылып, жазалаушы орган тергеуге кіріскенде рулас ағайындарының бірі Қасен Төребайұлын басты күнәкар ретінде нұсқаған. Семей соты оны он жылға соттапты)...

1990 жылдың қысында Компартия ардагері Хамза Байболатов ақсақалдың Жаңасемейдегі пәтеріне барып, жерлес журналист Боранбай Мауқаев ағай екеуіміз үш күн ұдайы ел тарихы туралы әңгімелестік. Сол күндердің бірінде Хамзекең бізге кеңес заманында Абыралы атырабынан көзге түскен ер жігіттің бірі еді деп Төребайдың Қасені туралы там-тұм сыр шертті: Қасен Төребайұлы Семей түрмесінде жатқанында қашуға жоба жасап, қаладағы сенімді таныстарына: «Сәрсенбі күні, түн ортасында биік дуалдың түгенше жағында алыс жолға жарамды қос атпен мені тосыңдар, аттың біреуі ерттеулі болсын, қоржынға азық-түлік, ақша салыңдар. Сыртқа шығуды өзім ойластырамын...» – деген хат жолдаған. Әлқисса, содан Қасен ер қараңғы түнді пайдаланып, дуал ішінде тығып қойған бақанды қолына ұстап, кәдімгі биікке секіргіш атлеттерше аспанға қарғып, қос ат тұрған жерге топ етіп түскен де жөнөп берген. Екі атты кезек мініп отырып, сол бетінде Алтай өлкесіне, одан да әрі асып, Кемерово қаласына жеткен. Сол жаққа сіңіп сайрандап жүргенде әлдебір ағайындарының нұсқауымен ұсталып, 1931 жылғы сот кесігін толық өтеп, Семейге 1956 жылы аман-есен оралып, бала-шағасымен қайыра қауышқан... «Сол кезде оны көрдім, бір кеш үйінде қона жатып, қашқын болған шерлі әңгімесін тыңдадым. Қиыншылыққа мойымаған қажыр-қайратын танып, ерлігіне сүйсіндім. Иә, осындай шарболат сынды ерлер арамызда болған, амал не, қытымыр заман оларға еркін қимылдауға мүмкіндік бермеді...» – деп Хамза ағай Қасен туысының өмір хикаятын сүйсіне әңгімелеген еді...

Хамза Кәріпбайұлының айтуынша, Дегелең атырабындағы халықтың ұжымдық шаруашылыққа наразылығы ұйымдасқан түрде жүрмеген, әр ауыл өзінше қимылдап, ортаға түскен малын қайырып алғанына тәубе десіп, өз қыстауларынан алысқа ұзамаған. Сол себепті бұл маңатта үкімет адамдарына қарсылық көрсеткен қантөгіс болмаған...

* * *

Көкшетау атырабын мекендейтін қалың елден ұжымдық шаруашылық құруға наразылық білдірушілердің бірі – бұрынғы Темірші болысының 6-ауылының азаматы Есімбек Мұсабеков деседі. Оның иелігінде 1930 жылы 75 жылқы, 67 қой, 4 сиыр, бір түйе болыпты. Өмір бойы тірнектеп жинаған малын «Көкшетау» колхозына өткізуге мәжбүр болған соң-ақ ол өзін тонаған колхозға мүше болмайтынын ашық мәлімдеп, Семейге аттанған. 1931

жылдың бас кезінде туған еліне қайтып оралған. Не үшін? ОГПУ қызметкерлерінің материалдарында Есімбектің олжаш ауылдарын аралап (өзі де осы рудың тумасы), «Семейдегі кеңес билігі жазға салым құлайды, Мәскеудегі астыртын ұйымнан жасырын хабар түсті, ақ әскері көтеріліс жасауға әзірленіп, Ертіс жағасында күш жинап жатыр. Сендер де қамсыз отырмаңдар. Ортаға түскен малды қайтарып алып, колхоздарды тарату керек...» деген сипатта қыздырма үгітті өрбіткен-міс. Қиыр шетте, аудан орталығынан күншілік жерде бұйығы тірлік кешкен аңқау ел үшін қаладан келген әрбір сөз қоғалы жерге түскен от тәрізді. Қысқасы, ақ-адал малына иелігі болмай, ашқұрсақ жүрген көкшетаулықтар қандасы еліктірген лақапқа имандай сенген. Ең шатағы, бір ауылдан екіншісіне өрттей қаулаған әреке сөзге ойланып, Кеңес үкіметінің өздерінен әлдеқайда күшті қарсыластарын тас-талқан етіп, шет жұрттарға қуып тастап, іргесін бекемдегеніне 14 жыл болғанын, оны енді құлататын күш іште де, сыртта да жоқ екенін түсіндіретін, «Тектен-текке науатқа ұшырайсыңдар, Көкшетаудың қалың жынысы, қарға бөккен терең сайы сендерге қорған бола алмайды...» деп, ертеңгі қауіпті ескертер көзі қарақты бір жан шықпаған. Аудан басшылары Көкшетау қолатындағы қалың ел ортасында әреке сөз жүріп жатқанынан бейхабар қалған. Білсе де бірер күн дүрлігумен басылады десіп жайбарақат отырған.

1931 жылғы ақпан айының орта шенінде әуелі олжаш ауылдары, ілешала күллі қамбар руының атқамінер еркегі түгел көтеріліп, колхоздар бағымындағы жылқыны ауылға айдап келіп, үйді-үйге таратып алған. Бір ғана олжаштан сегіз жүздей адам атқа мінген-міс. Сол рудың басшы ақсақалдары көтерілісті басқаратын 10 адамнан кеңес құрған, оның бастығына Кемпірбаев Ысқақ сайланған (ОГПУ деректерінде көтеріліске қатысқан адамдардың қарамы түсінікті себеппен айтылмаған. Жоғарыдағы деректі маған Қарқаралы азаматы, ғалым-геолог, фарабитанушы Ақжан Машанов ағай 1958 жылы, Ақбастау геологиялық барлау экспедициясында кездесіп, сұхбат құрғанда айтқан-ды (Ақжан Жақсыбекұлы 1931 жылы Абыралы ауаткомының жауапты хатшысы болған). Көтерілісшілерге қару-жарақ, оқ-дәрі дайындайтын ұстахана жұмыс істеген. Кемпірбаев Ысқақ ішкі тәртіп мәселесін қатты қадағалап, мыңбасылыққа Қасқабасов Зәрубай деген беделді отағасын тағайындаған. Оның қарамағында 10 жүзбасы, 50 онбасы болыпты.

Аудан басшылары көкшетаулықтардың қарулы наразылығына бастапқыда мән бермей, соңынан аудан коммунистерінен топ жасақтап (небәрі 26 адам) көтерілісті үгітпен басуға талаптанған. Аудан отрядын милиция бастығы Жамалатдинов (есімі беймәлім) пен ОГПУ өкілі Александр Кайгородцев басқарған. Алматыдан арнайы келген үкімет өкілдері – Айдарбек Масанов және Жанғабыл Көтібаров осы топқа қосылған. Қару-жарақтары – 14 винтовка және бірнеше адамда маузер болған. Сонша қаруды ереуілшілерді жаппай ату үшін емес, тасыр-тұсыр оқ шығарумен зәре-құтын қашырып, басшыларын тұтқындап, соларға ерген тобырды ауылдарына тарату үшін алған-мыс. Аудан орталығынан сайланып шыққан отряд келген бетінде «Оян, кедей» колхозының орталығына қонады. Ертеңгілікте

көтерілісшілердің қара құрық болып және әр тұстан атойлап келе жатқанын көріп, 2-ауылға жедеғабыл шегінеді. Өзара атыс шай қайнатым уақытқа созылыпты. Алғашқы қақтығыста-ақ Ысқақ Кемпірбаев тобында от қару барлығы мәлім болады (негізінен құс мылтықтар және 3-линейкалы жалғыз винтовка). Аудан отрядын көтерілісшілер лезде қоршап алған. Қараңғы түскенше екі жақ та қатты қарсыласқан. Атылған оқтардың бірі осы жердегі коммунаның партия ячейкасының хатшысы Сатылған Қошановқа тиіп мерт болады. Соған да күйінген көтерілісшілер отрядтың екі адамын көздеп атуға ыңғайланғанда, Ысқақ Кемпірбаев: «Олардың ішінде Алматыдан келген үкімет адамдары бар. Соларды жазым етсек – пәлеге қаламыз. Онда бізге ешқандай кешірім болмайды... – деп алақандарына түкіріп отырған мергендеріне рұқсат етпеген. – Ал кешке таман бәрін де тірідей ұстаймыз». Шынында да қараңғы түсе көтерілісшілердің тұс-тұстан ентелеген қыспағы тарыла түседі. Қатерлі жағдаятқа тап болғанын аудан адамдары да түсінеді. Сол топтан екі адам қолдарына ақ жайма ұстап, алға шығып: «Бізге оқ атпаңдар...» – деп көтерілісшілердің есімдерін атап, келіссөзге шақырады. Қоршаған топтан төрт адам ортаға шығады. Ысқақ Кемпірбайұлы өзінің кісілеріне: «Отряд адамдарымен сыпайы сөйлесіңдер, не айтса да күн шыға жауап береміз деңдер. Сол кезде біз де қимылдаймыз. Құдай сәтін салса, қуырдақтың көкесі сонда болады...» – дейді. Содан бітімгерлік сөз аяқталуға айналғанда, Кемпірбаев тобы аудан отряды бекінген жерге елеусіз жақындап, бұйрық күтіп тұрған өзге көтерілісшілер де әр тұстан төне түсіп қалт тұра қалады. Іле-шала көтеріліс басшысының: «Қаруларыңды тастап берілгеннен басқа сендерде амал жоқ. Оған көнбесендер, тап қазір менің жігіттерім сендерді жайпап өтеді. Қане, тез беріліңдер!..» – деген айқайы түн қараңғылығында тауларды жаңғыртқандай әсер туғызады.

Отряд адамдары не істерін білмей дағдарған сәтте батырсынған Александр Кайгородцев тапаншасын кезеніп, ортаға шығып, қазақ тілінде: «Мен ақтық оғыма дейін атысып, жастығымды ала кетемін...» – деп тапаншасынан аспанға екі-үш оқ атады. Тасада тұрған аттылардың бірі оның мойнына шалма тастап, көз ілеспес жылдамдықпен сүйрете жөнеледі. Тапаншасынан айырылып қалған ОГПУ бастығы: «Ойбай, өлдім! Токта, сүйретпе!» – деп жан ұшыра айқай салыпты. Кайгородцевтің қасқыр жәукемдеген қозы-лақша сүйретіліп кеткенін көрген соң отрядтың қалған мүшелері қаруларын төбесіне көтеріп, ортаға шығады...

Ысқақ Кемпірбаев тағы да кісілік аңғартады: отрядты жаппай тонамақ болған жігіттерін тежеп, үкіметтің екі өкілін өз қасында ұстайды; қайсыбірін тек қорғай алмаған... Мақыбаев тобы Жамалатдиновтың киімдерін сыпырып алып, аяусыз сабапты; үстіндегі тондарын кімдердің олжалағанын ақырында таба алмайды. Біраз жерді мұрнымен қапқан Кайгородцев мәңгірген қалпы қар үстінде дамбалшаң дірдектеп тұрады. Көтеріліс басшысы екеуіне де шапан тауып беріп, аяқтарына пима кигізеді. Ақырында 26 адамды түгел тізіп, түн ішінде Ақсайдағы үлкен ауылға, өздерінің штабына әкеледі. Бәрі де ас-су ішіп, күндізгі дүрбелеңнен естерін жияды.

Келесі күні үкіметтің екі өкіліне Ысқақ Кемпірбаев бірнеше шарт айтыпты: төтенше ет салығынан біржола босату, колхоздасу науқанында түрмеге алынған көкшетаулықтарды ауылға қайтару, колхозға мүше тарту ерікті жүруге тиіс; тартып алынған мал иелеріне қайтарылсын; әрине, бүлік жасаушылар жаза тартпай, үкіметтен кешірім алып, өздерінің ежелгі кәсібіне қайта оралуға тиіс... «Осы шарттар қабылданса – біз қарсылықты тоқтатып, қолымыздағы қару-жарақты үкімет адамдарына тапсырамыз, – дейді Ысқақ. – Ал бұл шарттар қабылданбаса – ақырына дейін тұрамыз, соңғы оғымыз таусылғанша қарсыласамыз, сол себепті сендерден алынған 14 винтовка мен тапаншалар барлық оғымен бізде қалады...»

А. Масанов пен Ж. Көтібаров көтерілісшілер қойған шарттарды қойын дәптерлеріне жазып алып, өздері ешқандай шарт қоймаған, уәде де бермеген. Аудан отряды сол күні өз көліктерімен Қайнарға аман-есен оралған.

Көтерілісшілер талап еткен бітімгерлік ұсынысты аудан басшылары қабылдаудан бас тартып: «Бұл шарттарға келіссек, күллі аудан халқы қайта көтеріледі, бізге де жеңілдік жасайсың дейді. Қысқасы, бұл мәселені үкіметтің өзі шешсін...» – дегенге саяды. Үкіметтің екі өкілі Семейге жедеғабыл аттанып, көрген-білгенін облыс басшыларына мәлімдеген. Олар да түк істемей, мәселені Қазақстанның өлкелік үкіметіне сілтеген...

Абыралы ауданының басшылары өз дегендеріне қайткен күнде илік-тіру мақсатымен Қызыл отау соты, 26 жасар жас коммунист Төлеубек Аралбаев бастаған үгітшілер тобын Көкшетауға аттандырады. Осы топ Көкшетаудағы ауылдарды аралап жүргенде Жамалатдинов пен Кайгородцев тарапынан қитұрқы бір әрекет жүзеге асып, көтерілісшілермен тағы да қақтығыс туады. Сол ұрыста Ысқақтың туған інісі Бөкеш Кемпірбаев оққа ұшады. Ысқақ Кемпірбаев та осыдан кейін қаһарға мініп, үгітшілер тобынан үш адамды – Төлеубек Аралбаев, «Оян, кедей» колхозындағы ауылқеңес төрағасы Жанбосын Тескенбаев және осы өңірдегі «Коммуна» бастығы Айтжан Туғанбаевты тұтқындап, ақсақалдар сотын ашып, соның үкімімен Т. Аралбаевты күл үстіне шығарып, «Қанға – қан» деген жорамен атып өлтіреді. Оның қасындағы екі коммунисті, ара түскен ағайындарының тілегін ескеріп, босатып жібереді (1970 жылдары менің Қарағанды облысы Шет ауданының азаматы, жас білімпаз Төлеубек Аралбаевтың өкінішті өлімі туралы деректі баллада жазғаным оқырман қауымға мәлім – М.С.).

Сірә, екі жақтан да шетінеген боздақтар өлімі бітімгерлік келіссөздің әрі қарай сәтті жалғасуына кедергі болған. Қазақстан үкіметінің жер-жердегі халық дүмпулерін күшпен басу туралы өктем қарары, адамгершілік жолды тәрк еткен қатаң шешімі де жүздеген адамның нақақтан науат болуына соқтырған.

Наурыз айының орта шенінде, қалың қардың көбесі сөгіліп жол ашылған кезде, Семей мен Қарқаралыдан жазалаушы екі отряд келіп (командирлері Чекмарев және Чупин, кейбір деректерде командирдің бірі Ирусалимов делінеді), тау-тасқа тығылған көтерілісшілерді қоршап, қынадай қырған. Бір апта бойы күні-түні жүрген қуғын-сүргінде қанша адамның оққа

ұшқаны белгісіз («Семей таңы» газетінің 2008 жылғы 2 қазан күні жариялаған «Тарихы Абыралының бөлек еді» деген мақаласында Доғалаң ауылының кексе тұрғыны Әзімхан Исабаев: «Тайлан, Еңбектес ауылдарының және Көкшетау қамбарларының көтерілісін басу кезінде 1172 адам жер жастанды», – депті. Сол деректі қайдан алғанын тек нұсқамаған. Ал «Ертіс өңірі» газетінде жарық көрген «Абыралы көтерілісі» деп атаған көлемді очеркінде Б. Нәсенов «ауданның солтүстік және күнбатыс бөлегінде бұрқ еткен наразылықта 170 адам ұрыс үстінде оққа ұшып, 183 абыралылық түрлі мерзімге сотталғанын», бұл деректерді Алматы мұрағатынан алғанын ескертіпті. «ШҚО энциклопедиясында» (А., «ҚЭ», 2014, 131-134-бб.) жариялаған «Абыралы көтерілісі – мұрағат құжаттарында» мақаласында ол: «Абыралы көтерілісін Кеңес үкіметі аяусыз жазалады: ауданның 9 ауылынан шайқаста 101 адам қаза тапты, ал 78-і өлім жазасына кесіліп, Алматыда атылды; 183 адам үш жылдан он жылға дейін мерзімге сотталды (1, 3, 5-ші ауылдарсыз). Сөйтіп, барлығы 362 азамат құрбан болды. 1500-дей адам ескерту алып, сотталудан босатылған...» – деген. Сірә, соңғы жарияланым – шындыққа жақын дерек. Сөйтсе де толық емес... Чупиннің отряды Ақсай сайының ұшар басына және төменгі аузына екі пулеметті құрып қойып, олай-былай қашқан қатын-қалашты, атты адамдарды да жаппай жусатқаны – сол күндердің шерлі оқиғасы. Ақсайда қанша адамның жер жастанғаны беймәлім, көпшілігі қар астында қалып, көмусіз шіріген. Жә, сол күндерде шейіт болғандардың нақты есебін 80 жылдан соң қалай шығарамыз? Көтерілісшілердің бір тобы қоршаудан сытылып шығып, Шұбартауға қарай ойысқанда, Чупин отряды құрған тосқауылға тап болып, түгелдей оққа ұшқан. Чекмаревтің отряды мыңбасы Зәрубай Қасқабасовтың қарауындағы негізгі күштер бекінген ауылды торыған. Пулеметпен, винтовкамен қаруланған әскерилерге көтерілісшілер, әрине, төтеп бере алмаған. Сөйтсе де мыңбасы бастаған елу шақты жанкешті жауған оққа қарамай, Балқаш көліне қарай сытылып шыққан, сол сәтте олар да пулемет жаудырған оқ нөсеріне кездеседі... Ағайынды Ысқақ пен Ыбырай Кемпірбаевтар аз ғана адаммен тау қуысындағы жартасқа бекініп, оқтары таусылғанша атысқан. Ақырында олар да қолға түскен.

Жә, сол күндердің күйкі шындығын естіртейік: Көкшетаудың айналасы ат шаптырым, неше түрлі жыныс өскен, арынды бұлақтар аққан, жақпар тастары мен одырайған бұқпа сайлары жан ұшыра қашқан бейкүнә жұртқа пана болмаған. Өкінішті гәп: Туғанбайдың екі баласы сол дүрбелеңде «баррикаданың» екі жағында болып, біріне-бірі жаулық көрсеткен. Коммунист Айтжан Туғанбаев жазалаушы отрядты неше тәулік бастап жүріп, Көкшетаудың өзіне мәлім бұқпа қуыстарына тығылған қандастарын ұстап берген. Сол қырғында өз туысы Базарбайды да аямаған (Айтжан ақсақал ұзақ жасап, 70-жылдарда опат болды). Иә, неше тәулікке созылған қанды қақтығыста ағайыншылықты, обал-сауапты ұмытып, өзара туыс адамдардың бірі-біріне қастық қылғандары аз болмаған, бұл жайында ел аузында неше түрлі лақаптар тараған. Оны жаңғырту – ауыр міндет, қажет те емес...

Бізге мәлім тағы бір шерлі хикаят: әскер келіп, Көкшетаудың сыртқа шығар жолдарына тосқауыл қойса да жан ұшырған босқындар, сірә, еті тірі, көліктері сайлаулы кейбір жанкештілер амалын тауып, Аягөз жолына түсіп, сол бетінде Тарбағатайды жағалап, Бақты арқылы Шығыс Түркістанға өткен. Мысалы, олжаш руынан тарайтын 6-ауылдағы Байба қыстауының адамдары (Жангел ұрпақтары) осындай азап-бейнеті ерен алыс жолға тәуекел қылған. Сірә, Шомбайдың Мұсатай, Есентай мен Құсатай балаларының дені жазалаушы отрядтың көздеп атқан оғынан мерт болуы да алыс сапарға аттануына байғұстарды мәжбүр еткен... Мұсатайдың Рэтай есімді баласын, Оңбайдың Балабайын және бірнеше жасөспірімдерді жазалаушы әскер малша қосақтап қойып бір оқпен атқан, атқызушы – сол елдің қызыл белсендісі... Балабайдың бойжеткен қыздары Гүлия мен Гүлмария, сол ауылдың 12 әйелі «Қара дәу» атанған Шоңбайұлының бастауымен мың шақырымдық жолды бір айда жаяу жүріп (елді мекендерге соқпай, далада, тау тасасында аяқ суыта отырып), Қытай еліне жеткен. Сол байғұстардың Қытайда өсіп-өнген ұрпақтары 1962 жылғы туған елге беттеген қазақтардың соңғы көшімен Қазақстанға қайтып оралды. Бұл да енді – дәм жазуы әрі асқан ерлік, бәлкім, туған елге деген сағыныштың әсері. Осы жанкештілердің бертінгі азаматтары маған мәлім. Олардың ортасынан ел басқарған азаматтар да туды. Тәубе дейміз!..

Көтеріліс басшысы Кемпірбаев Ысқақ тұтқындалып, Семей түрмесінде отырғанда қағазға түскен тергеу хаттамасынан үзінді келтіреміз (тергеу орыс тілінде жүрген, ықшамдап аудардық):

«САУАЛ: Көтеріліс жасаушыларды қалай басқардың?

ЖАУАП: *...Атқа мінген азаматтарды ондық, жүздік, мыңдыққа бөліп, басшылар тағайындадық. Кімдердің қай ауылды қорғайтынын анықтап, ту ұстаушылар сайладық. Әрбір топты рулық белгісіне қарай бөлдік. Даулы мәселелерге төрелік айтар рубасы ақсақалдарды тағайындадық. Осы шараларды дәптерге тіркеп, жазбаша түрде бұйрық жаздым. Төңіректегі ауылкеңестер мен қыстау иелеріне жаушы жіберіп, көтеріліске қатысам деушілер орталық штабқа өз атымен, қолында бар қару-жарағымен (қандай болса да) келуге тиіс деген үндеу тараттым. Сол ақ екен, күллі Көкшетау халқы тік көтеріліп, штаб орныққан «Оян, кедей» колхозының орталығына ағыла бастады. Күллі халық қолдайды деп күтпеген едім. Екінші мәрте бұйрық таратып, ереуілшілер тобына 17-18 жасан 40-45-ке дейінгі ер азаматтарды ғана қабылдайтынымды көрсетіп, дүрмекке ілесіп келген бала-шағаны ауылдарына қайтардым. Кейбіріне күш қолдануға тура келді.*

САУАЛ: Соншама халықты басқаратын үкімет құру да жобаланды ма?

ЖАУАП: *Бізде ондай қиғаш ой атымен болған жоқ. Рас, аудан орталығын басып алып, қойма мен дүкендерді тонауды ойластырдық. Бізге қарасты ауылдардың бәрі де азық-түліктен жұтап отырған-ды. Иә, сонсоң салық туралы деректерді, тағы сондай кеңсе қағаздарын өртепек едік. Біз тегінде қару-жараққа зәру болдық.*

САУАЛ: Ту ұстауға кімдер тағайындалды? Есімдерін атаңыз, туға қандай ұрандар жазылды?

ЖАУАП: *Бізде небәрі бес ту болды. Ақ түсті матаның төрт бұрышына қызыл шүберек тігілген. Үш туға ғана сия қарындашпен «Алла бізді қолдайды, ісіміз – ақ...» деген Құран сөзі жазылды, олжаш тобының туын шақайлы руының азаматы Қали Жүсіпов, «Оян, кедейдің» туын Оспанқұл Қайқымаев ұстады. Өзгелері есімде жоқ...*

САУАЛ: Соншама көп адамға азық-түлікті қайдан алдыңдар?

ЖАУАП: *Көбіне жарау жүргендіктен өзіміз мініп жүрген атымызды сойып, талғажау еттік.*

САУАЛ: Аралбаевты неге өлтірдіңдер? Қасындағы серіктеріне тимепсіндер...

ЖАУАП: *Аралбаев – біздің қолымызға түскен Кеңес үкіметінің өкілі. Басқалары – бәлшебектің қызыл үгітіне ерушілер әрі өзіміздің ауылдастар. Аралбаевты өз жағымызға тартуға тырыстық... Ол сорлы атылардан екі күн бұрын біздің штабты әшкерелеп, «Уәйда Тұрғамбаев, Әшімхан Көбенов және Ысқақ Кемпірбаев – көтерілістің басшылары» деп ауданға жасырын ақпар жолдапты. Мыңбасы Зәуірбай Қасқабасовтың айтуынша, үшеуімізді тұтқындауды ескертіп, ауданнан әскери көмек сұрапты. Бұл деректі Қасқабасовтың кімнен алғанын білмеймін.*

САУАЛ: Соншама халықты көтергенде түпкі мақсаттарың не еді?

ЖАУАП: *Пәлен дерлік мақсат болған жоқ. Мен өзім өкімет адамдарымен қақтығыста оққа ұшқан туысым Бөкеннің кегін қайтару үшін «қанға – қан» деп атқа міндім. Шамам жеткенше қарсыласып, қазақ даласы кең зой, соның бір түкпіріне жетіп, бас сауғалармын деп ойладым. Көтеріліске қатысқандардың дені қараңғы адамдар, бір күн болса да қарын қамы үшін олжа салуды ғана тіледі. Күні ертең не болады дегенді ешкім ойлаған жоқ...»*

Мұрағат деректерінен құрастырған кітабында Б. Нәсенов келтірген қаралы тізімнің басында Көкшетау қамбарларының көтерілісіне басшылық еткен штабтың 10 мүшесінің есімдері аталған: Мұсабеков Есімбек, үш ағайынды Кемпірбаев Ысқақ, Ыбырай және Бейсен (?), Мақыбаев Әбділқадыр, Жандыбаев Түсіпбек, Бөлегенов Нұғман, Балтақаев Қауқарбек, Жақыпов Нұғман, Байшайынов Кәріпбек (бұл сорлы әскерилермен алғашқы қақтығыста ажал құшқан). Есімбек Мұсабековтің көтеріліске нақты қатысқанын тергеушілер толық дәлелдей алмай, бес жылға соттапты. Колымаға айдалған сапардан қайтпаған. Штаб мүшелерінің Есімбектен өзгесі ату жазасына кесіліп, үкім Алматы мен Семейде орындалған.

Абыралы ғана емес, Шұбартау, Шыңғыстау, Батпаққара, Бостандық, Ырғыз, Қазалы, Қызылқұм, Қармақшы, Сарқант-Ақсуда (Жетісу өлкесі) нақ осы мезгілде, тағы қаншама жерде бас көтерулер болды (ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1992 жылғы 7 желтоқсандағы қаулысында 1929-1932 жылдар аралығында үкіметке қарсы республика территориясында 372 көтеріліс болғаны ескертілген). Бәрі де күнкөріс малынан айырылып, ортақ шаруашылық құруға наразы болғандықтан атқа мінген. Бірде-бірі үкіметті

құлатып, иә соны өзгертуге тырыспаған. Барлық көтерілістердің мақсаты – қолындағы азын-аулақ малын сақтап, күнкөрісіне жарату. Билеуші үкіметтің саясаты – «Барлық малыңды колхозға өткізесің, бұл болса – социализм қоғамын құрудың алғышарты». Нәтижесінде 1931-1932 жылдарда 1750 мың қазақтан айырылды (сол кездегі халқымыздың 42 пайызы), 1100 мың Дала тұрғыны Еділ бойына, Орал тауына және Сібірге, шерменделердің ат төбеліндей азаң тобы Қытайға, Моңғолияға, Иран мен Ауғанстанға, Орта Азия республикаларына босуға мәжбүр болған. Олардың қаншасы жолшыбай опат болғаны белгісіз...

(Бұл деректерді біз ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын» атты мақаласынан келтіріп отырмыз). Аштан өлгендердің жалпы қарамы – ҚР Жоғарғы Кеңесі 1992 жылы құрған комиссияның анықтауынша, 1931-1933 жылдарда – 2200 мың адам...

Көкшетау қамбарлары көтерілісінің штаб мүшесі Балтақиев Қауқарбек Семейдегі екі жылдық мұғалімдер курсына 1919 жылы тәмамдаған, қамауға алынған кезде 29 жаста, 6-ауылдың мұғалімі, отбасында 4 баласы болыпты. Меншігіндегі 12 жылқы, 2 сиыр, 25 қойын, 10 ешкісін және бір түйесін «Оян, кедей» колхозына өткізген. Оның да көтерілісті бастаушы топта болуы – күнкөріс малынан жұрдай болғанына қайтарған қарымтасы, күллі туыс, қандастары ортақтасу науқанына зорлықпен жегілгеніне наразылық. Қауқарбек мұғалім өлең сөзге бейім, ұстаған бетінен таймайтын турашыл һәм бірбеткей жан болған деседі. Ату жазасы орындалар қарсаңда бір ауыз өлең жазып, түрме азабын бірге кешкен пенделердің біріне аманат қылыпты. Тума ақынның қоштасу сөзі зым-зия жоғалмай бізге жеткен:

*«Бар еді не жазығым ауылыма,
Жазаның тап қылғандай ауырына.
Мен кеттім, жалақорлар, жер кеңіді,
Көкшенің егін ексең бауырына...»**

Абыралы ауданында қауырт жүрген колхоздасу науқанынан елдің қандай күйзеліске тап болғаны қарт коммунист, Шыңғыстау ауданының тумасы Бекболат Мұстафин (Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі міндетін атқарған кезінде Л.И. Мирзоянның ұсынуымен 1937 жылы Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы қызметіне беку үшін Мәскеуге бара жатқанда Левон Исаевичпен бірге үкімет вагонында қамауға алынып, сол сапардан жиырма жылдан кейін оралған жанкешті) Шығыс Қазақстан облысының басшылары құрған, бес адамнан тұратын комиссияны басқарып, 1932 жылғы наурыз айында Абыралы ауданының хал-жайын анықтауға Семейден аттанған. Сол сапарда көрген-білгені турасында Бекболат ақсақал «Жалын» баспасы 1990 жылы жариялаған «Нәубет» кітабында ішінара сөз етіпті: «Біз үшін сол көңілсіз сапар болды. Тоғызыншы, оныншы, он екінші ауылдардан бас көтерер ешкімді таппадық. Өлмелі шал-кемпірлер ғана қалған. Жол бойы өліп, не жүруге дәрмені болмай сұлап жатқан аштарды жол шетіне шығарып, беттерін жабудан шаршадық... Осы аудандағы 6400 шаңырақтың тоз-тозы шығып ыдырап біткен, отыз мыңға таяу халық аштықтан қырылып, иә басы

ауған жаққа босып, жолшыбай көмусіз қалып, біз аудан орталығына жеткенде солардың 4 мыңы ғана қалғанын көзіміз көріп, жанымыз түршікті...» – деген куәлік айтқан.

«Отызыншы жылдардағы зұлматтың ең ауыр азабын жасөспірімдер шекті, – дейді зейнеткер абыралылық Дүйсенбай Қошқарбеков «Толайым тағдырым» деп атаған ғұмырбаяндық кітабының (Семей, 2014) 563-бетінде. – Қаңыраған ауылдарда, үлкен жолдардың бойында аш-жалаңаш, қаңғырған, ата-анасынан не тірідей, не өлідей айырылған кезбе, панасыз 290 баланың Қарқаралы ауданында ұйымдастырылған балалар үйіне жіберілгенін мемлекеттік мұрағатта сақталған 1933 жылғы 17 ақпандағы құжаттан көрген едім...»

** Қазақстан қауымына есімі мәлім, Абыралы тумасы Төлеужан Ысмайыловтың анасы Хадидша ханым – Қауқарбек Балтақайұлының туған қарындасы. Хадидша да ауыл арасында ән салып, домбыра сүйемелімен құрбы-құрдастарына әзіл өлең шығаратын өнерден құралақан болмаған. Шамалауымызша, Төлеужан ақынға ақындық қабілет нағашы жұртынан дарыған.*

Бұл енді – қыр елін күнкөріс малынан айырып, соны ұқыптап ұстаған байларды қиыр шетке қуып тастап, орташаларды күштеп, кедейлерді ортақ малымен дәмелендіріп, жаппай теңгермешілікке жеткізбек болып, бір-ақ жылда жарылқайтын социализм ертегісіне сендіріп, сылдыр сөзбен оп-оңай «құрған» жаңа қоғамның алғашқы жылдағы «жемісі». Соның аяғы не болды? Бір ғана Абыралы ауданынан бір жылда 25 мың адамның ғұмыры үзілді. Соны ұйымдастырғандар жазасыз құтылды, кейбірі ғана мәртебелі қызметінен қуылды, ал соған шама-шарқынша қарсылық көрсеткендер түп-түгел тұтылды. Оның да жантүршігерлік деректерін қаз-қалпында келтіреміз...

Абыралы атырабына арнайы шығарылған ОГПУ үштігі 1931 жылғы 17 маусымда абыралылық шерменделердің ісін қарауды бастап, 11-ауылдан 14 адамға, 12-ауылдан 10 адамға ату жазасына үкім шығарған; нақ сол күні 11-ауылдың 13 азаматын және 12-ауылдың 9 адамын түрлі мерзімге соттаған; сот жұмысы бес күннен кейін қайта жалғасып, яғни 22 маусымда үштіктің үкімі бойынша, 6-ауылдың 46 адамы ату жазасына кесіліп, 73 адам әртүрлі мерзімге сотталған. ОГПУ коллегиясы 24 маусымда 9-14 ауылдардан 23 адамды атқызып, 19 адамды түрлі мерзімге соттаған. Жазалаудың келесі кезеңі 14 қарашада жалғасып, 10-ауылдан 22 адам әртүрлі мерзімге айыпталған. Үштіктің соңғы отырысы 1931 жылдың 14 желтоқсанында жалғасып, 7-ауылдың 29 азаматы түрлі мерзімге кесілген.

Сол шерменделердің бірі – Балтабектің Оспаны (Ол кісіні мен көрдім, туыстығы – маған төртінші атадан қосылатын, Семей қаласында 1974 жылы обыр дертінен жасы сексенге тақағанда қайтыс болды. Мезі сөзге жоқ, біртоға адам еді. Шар ауданына қарасты «Терістанбалы» кеңшарында озат қойшы атанып, үкімет марапаттарын иеленіп, жасы алпыстан асқанда зейнетке шықты. Семейге көшіп келген соң кешірек туып, енді ғана атқа міне бастаған балаларына бас-көз болуды тапсырды, жасы әкеммен шамалас

ақсақалға: «Қырыққа келгенше үйленбей салт жүргенсіз бе? Балаларыңыз тым жас...» – дегенімде, Осекең бетіме қарап: «Үй болып бас құрауға қол тимеді, Медеужан...» – деп төмен қарап күмілжіді.

Оспан Балтабекұлының қырыққа дейінгі шерге толы қым-қуыт өмірін мен бертінде, Абыралы тарихы туралы жабық материалдарды оқығанда білдім. Сөйтсем, бұл да өзіндік сабағы мол хикаят екен: Таңат ауылкеңесінің тұрғыны Осекеңді (ол кісінің қыстауы – «Ақбұлақ» кеңшарына қарасты Матай бұйратындағы Балтабек қыстағы) Абыралының белсенділері 1930 жылы бай ретінде тәркілеп, меншігіндегі 24 жылқысын, 13 сиырын, 3 түйесін, 70 қойын, 17 ешкісін тартып алып, сол жерде ұйымдасқан колхозға өткізіпті; сол кезде толтырылған құжатта жасы 29-да, сауатты, әйелі мен бір қызы бар екендігі жазылған. 10-ауылкеңес тұрғындары 1931 жылғы ақпан айында ереуілге шыққанда көпшілікке ерген Осекең де ақ-адал малын қайтарып алып, бірер басын сойып қорек етіп, өзгелерін қайтадан бағуға кіріскен. Рас, бір айдан соң, ереуіл екпіні келіссөзбен тарқаған кезде бәрін де қайыра тапсырған. Бірақ дүрбелеңге қатысқаны пәле болып, Шығыс Қазақстан облыстық ОГПУ басқармасының үштігі оған үш түрлі айып байлаған: 1) 18 ақпанда бұрынғы байларды өз ауылына шақырып, Кеңес өкіметін құлатуға үгіттеген; 2) аудан орталығы мен Семейді ақ әскері басып алды деген жалған ақпар таратқан; 3) 70-80 ауылдастарын ұйымдастырып, кооперация дүкенін, колхоз қоймасын тонап, колхоз малын талан-тараж еткен-міс... Қараша айының 14-жаңасында шығарылған үкімнің 412-санды хаттамасында осы ауылдың 22 азаматы Қылмыс кодексінің 58-бабының 2, 8, 10 және 11-тармақтары бойынша 10 жылға сотталғаны айтылған. Оспан Балтабекұлының есімі үкімнің 4-кезегінде аталып, өзіне тағылған ауыр қылмыстардың біреуін ғана, яки кооперация дүкенін тонауға қатысып, бір пұт ұн, бір плита шай алғанын ғана мойындағаны жазылған. Отыз жастың шебіне енді ғана ілінген атпал азамат ауыл-аймағынан ажырап, Сібір асып кете барған. ГУЛАГ лагерлерінің нешеуін ақтап, 1939 жылы ғана сол «сапардан» Ертіс жағасына оралады. Әйелі мен баласы 1932 жылдың аштығында өлім құшқан, қай сайда қалғанын ешкім айта алмаған...

Медеу СӘРСЕКЕ, жазушы, көптеген деректі кітаптардың авторы